



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№28 (780) Сәрсенбі 13 шілде 2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

http://www.qsip.kz/

http://www.instagram.com/eltilegigazeti

http://www.facebook.com/eltilegigazeti



КҮН ТӘРТІБІНДЕ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен облыстық мәслихаттың кезектен тыс XVII сессиясы өтті. Сессияны облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов жүргізді.

Жиынға ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы және облыстық мәслихат депутаттары, басқарма басшылары, қала және аудан әкімдері қатысты.

Күн тәртібінде 15 мәселе қарады. Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақ басшысы ретіндегі өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалу барысын баяндап, 2021 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы жөнінде есеп берді. Өңір басшысы облыстың экономикалық дамуында оң тенденцияның қалыптасқанын тілге тиек етіп, аймақ үшін маңызды жобаларды тізбектеді.

«Облыстың экономикалық дамуында оң тенденция бар. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 1,4 пайызға, инвестициялар тарту 14,7, құрылыс жұмыстары

8,3, пайдалануға берілген тұрғын үйлер 11 және сауда 1,4 пайызға артты.

Дегенмен, өнеркәсіп өндірісі және өңірде мұнай өндіру көлемі жыл сайын азаюда. Соңғы жылдары мұнайдың сарқилуына байланысты оның жаңа көздерін анықтау мақсатында геологиялық зерттеу жұмыстары басталды.

Жұмыс жасап тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 6,5 пайызға артып, 52876 бірлікті құрады. Жыл басынан бері экономика салаларында 13 297 жұмыс орны құрылды, оның 5884-і тұрақты. Жұмыссыздық деңгейі 4,9 пайызды құрады», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Сессия отырысында облыс әкімі өңірге қаржы тарту мәселесіне де тоқталды.

Биыл 373,5 млрд.тенге инвестиция тарту көзделген. Осы ретте Индустрияландыру бағдарламасының үшінші бес жылдығында құны 654 млрд. теңгенің 46 жобасын жүзеге асыру жүргізілуде. Бүгінде жобалармен шығарылған өнім көлемі 22 млрд. теңгені құрап, 18,2 пайызға артты. Биылдың өзінде 9 млрд.тенге 258 жұмыс орны құрылатын 5 жоба іске асырылмақ.

Мұнан соң Нұрлыбек Нәлібаев 2021 жылғы облыс бюджетінің жұмсалыуы мен аймақтың 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарының орындалуына тоқталды. Былтыр бюджеттік түсімдер болжамы 100,3%-ға орындалып, кірістер 1,3 млрд.тенге артық түскен. Ал, шығыстар бойынша бюджеттің атқарылуы 99,1% құраған.

«Қызылорда облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарындағы» 25 нысаналы индикатордың 17-сі былтыр орындалып, оң көрсеткіштер көрсетті. Алайда, аймақ басшысы даму

жоспарының орындалу барысын әлі де белсендету қажеттігін атап өтті.

Сессия отырысында аймақ басшысы маңызды мәселелердің бірі ретінде облыстың қарыз міндеттемелері бүгінгі күнге 101,1 млрд.тенге құрағанын алға тартты. Жыл соңына дейін тек білім саласының өзіне педагогтердің жүктемесі 18-ден 16 сағатқа төмендеуіне байланысты 12 млрд.тенге, балабақшалардағы жан басына қаржыландыру әдістемесіне экологиялық коэффициенттің есептелмеуінен 3,4 млрд.тенге, жобалық қуаты 100 орынға дейінгі мемлекеттік балабақшалардың еңбекқандығы мен коммуналдық шығындарына 1,7 млрд.тенге, барлығы 17,1 млрд.тенгенің қажеттігі бар.

Жиын барысында депутаттар тарапынан бірқатар мәселелерге қатысты ұсыныстар айтылды. Облыс әкімі әрбір көтерілген мәселе мен жолданған пікірлер зерделеніп, жан-жақты талқыға салынып, орнықты шешім қабылданатынын жеткізді.

Биыл Қызылорда облысында 9 мектеп пайдалануға беріледі

Биыл 4 350 орынға арналған 9 білім ұясы пайдалануға беріледі. Аталмыш мектептердің 2-уі апаттық жағдайдағы мектептер орнына ашылады. Бұл туралы аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев облыстық мәслихат депутаттары алдында аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есебінде мәлімдеді.

Жаңадан ашылатын мектептердің 6-уы мемлекет қаржысына, ал қалған 3-уі жеке инвесторлар есебінен салынады. Облыста пайдалану мерзімі 30 жылдан асқан 6 мектепке күрделі жөндеу, 13 білім беру нысаны қазандықтарын газға ауыстыру және 2 мектептің бу қазандығын ғимараттан шығару жұмыстары жүргізіледі. Сапалы оқу процесін қамтамасыз ету мақсатында облыс бойынша

8 негізгі мектептер орта мектептерге ауыстырылуда, яғни 10-11 сыныптар ашылуда.

«Президент Жарлығымен белгіленген «Балалар жылына» тарту ретінде қаламызда 1 млрд.тенге 50-ге тарта спорт алаңдарын, аудандарға 30-дан астам спорт-ойын алаңдарын саламыз. Бұл жұмыстар демеушілер есебінен іске асырылады», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Сексеуіл кентінде жаңа мешіт ашылды

Қасиетті Құрбан айт мерекесінің екінші күнінде, яғни шілде айының 10-шы жұлдызында Сексеуіл кентінде жаңа мешіт ғимараты ашылды. «Тілеуқұл ишан» атындағы имандылық үйінің ашылуына кент тұрғындары мен ардагерлер мен кенттен түлеп ұшқан азаматтар жиналды. Көпшілік бас қосқан шарада алдымен облыстық мәслихат хатшысы Н. Байқадамов қазіргі кезеңде тұрғындарды ізгілікке, мейірдандылыққа шақыратын мешіт қызметінің маңызы зор екендігіне тоқталып, облыс әкімі Н. Нәлібаевтың құттықтау хатын табыстады.



Одан соң кент тұрғындарын қасиетті мерекемен тұспа-тұс келген қуаныштарымен құттықтаған аудан әкімі С.Сермағамбетов ғибадат үйінің халықты ізгілікке бастан, рухани жол сілтеуші орталыққа айналуына тілектестігін білдіріп, естелік ретінде сый-сияпат табыс етті. Аталған шарада сөз алған Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының «Ақмешіт-Сырдария» мешітінің бас имамы Әбуов Болатбек қажы асыл дініміздің құндылықтарын дәріптейтін мешіт үйінің жамағатпен көрікті болатынын айтып, жастар үшін ата-ананы сыйлап, құрмет тұтуға үндейтін ілім алуына мүмкіндік жасалғанына қуанышты екендігін жеткізді. Сонымен бірге, діни орталықтың алдағы жұмысына сәттілік тілеп, Қасиетті Құран кітабын сыйға тартты. Құрбан айт мерекесінде өткен мазмұнды шараға тұрғындар қуанышына ортақтаса келген Парламент мәжілісінің депутаттары Бақытбек Смағұл мен Геннадий Шиповских қатысып, асқарма тілектерін білдірді. Сондай-ақ, белгілі айтыскер ақын, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері Мұхтар

Ниязов сөз кезегінде Сексеуіл кенті халқының ауызбіршілігіне, игі іске бастамашы болған азаматтарға ризашылығын жеткізді. Шара барысында мешіт имамына ҚР Қорғаныс министрлігінің, «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының және көршілес Қазалы ауданы әкімінің құттықтау хаттары табысталды. Мұнан кейін жаңа мешіт ғимаратының лентасы киылып, өмірден өткен марқұмдар рухына арналып, құран бағышталды. Осылайша кент орталығынан бой көтеріп, заманауи үлгіде салынған «Тілеуқұл ишан» атындағы жаңа мешіт Құрбан айт мерекесінде жамағатқа есігін айқара ашты. Мешіттің құрылысы белгілі ұшқан азаматтар мен Сексеуіл кентінің және ауданның біршама кәсіпкерлері біркісідей атсалысып, демеушілік жасаған. Бір мезетте 1000 адам құшылық ете алатын мешітті ерлер мен әйелдер намазханасынан бөлек екі дәрсіхана және имамдар бөлмесі қарастырылған.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қазақстан барысы-2022» турнирінің жеңімпазы Мақсат Исағабалов пен «Алтайдай жер қайда?» атты халықаралық ақындар айтысының жүлдегері, үш дүркін «Алтын домбыра» иегері, айтыс өнерінің ақберені Мұхтар Ниязовты қабылдады.


Аймақ басшысы дүбірлі дода жүлдегерлерін жеңісімен құттықтады

Аймақ басшысы Сыр саяхаттарын және Мақсаттың бапкері, қазақ күресінен облыстың аға жаттықтырушысы Болатбек Кенеевті жеңісімен құттықтап, қос аймақ жұртының риясыз алғысын жеткізді.

«Әрбір жүрек түбінде жаңғырар алау сезім, ұлы күш болады. Ұлт даналығы «Ер – намысының құлы» деп бекер айтаған. Осы ұлттық намыс бізді жеңіске жетелейді, қаһармандыққа бастайды. Бүгінгі бауырларымызды да осы қасиет оздырды. Өрине, ұшқыр да ұтыр ұлдарымызды қалай ұлықтасақ та жарасымды. Өздеріңізге белгілі,

биылғы жылдың мамыр айында мәдениет пен спорт саласы бірігіп, ірі құрылымға айналды. Ол – бірліктің белгісі, оның ерекшелігі – егіз. Сөзімің дәлелі, Мақсат пен Мұхтардың үйлесімді жеңісі», – деді облыс әкімі.

Басқосу барысында аймақ басшысы Мақсат Исағабаловқа 2 бөлмелі пәтердің кілтін табыстап, Мұхтар Ниязовқа ақ боз ат мінгізді. Өз кезегінде қос саңлақ алғаусыз алғысын арнаған Сыр жұртына зор ризашылығын білдіріп, байрақты бөкеселер мен сөз аламанда аймақтың жүзде тайқазанына олжа салатынын жеткізді.



Қазақстанда жас журналистер мектебі ашылмақ

Жобаға кем дегенде 300 жас қазақстандық қатыса алады, деп хабарлайды ҚазАқпарат Азаматтық бастамаларды қолдау орталығына сілтеме жасап. Әлеуметтік жоба жас журналистердің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыруға, коммуникация құруға арналған жаңа алаңдарды қалыптастыруға, жас журналистердің шығармашылық және қоғамдық белсенділігін ынталандыруға бағытталған.

«Жобаның маңызды міндеттерінің бірі – жас журналистердің кәсіби құзыреттілігін арттыру. Медиа мамандарына онлайн форматта жұмыс істеу ыңғайлы болғандықтан, біз электронды платформа дайындайтын боламыз. Мұнда жоба қатысушылары үшін оқыту курстары мен жаңалықтар порталы қолжетімді болады», – дейді «Қазақстан жастар конгресі» ЗТБ директорының

орынбасары Камила Амуртаева. Жоба аясында конкурстық негізде жас журналистерге 20 шағын грант бөлінеді. Жалпылай алғанда, кәсіби білім алу және үздік практикалармен аймақ бағытындағы оқытудан кемінде 300 жас қазақстандық өтеді.

Сондай-ақ Нұр-Сұлтан, Шымкент және Ақтөбе қалаларында жастарға арналған пікірталас алаңдары жұмыс істейді. «Форумдар үш күндік оқыту форматында өтеді. Біз журналист болуды армандайтын жас азаматтарды журналистика факультеттерін студенттерін, жас мамандарды жинаймыз. Форум қатысушылары теориялық қана емес, практикалық тұрғыда білім алуы үшін медиа саласының сарапшылары мен кәсіпқойлары жобаға тренерлер ретінде шақырылады», – деді Камила Амуртаева.

Індет қайта өршіп барады

Шарттардың түкпір-түкпірінде коронавирус індеті күннен-күнге өршіп барады. Алматы инфекцияның қайта таралуына байланысты «қызыл» аймаққа жақындап қалған.

Бұған дейін «сары» аймақта болған Алматы қаласы кейінгі тәуліктің көрсеткіші бойынша алдыңғы орынға шығып, «қызыл» аймаққа жақындады. Ал «жасыл» аймақта тұрған Нұр-Сұлтан қаласы «сары» аймаққа жақын тұр. Қалған қалалар мен облыстар «жасыл» аймақта. COVID-19 таралуына жол бермеу жөніндегі ведомстваралық комиссияның мәліметінше, елде тәулігіне 416 адам індет ілмегіне ілінсе, шамамен 126 тұрғын осы кеселден жазылып шықты.

– Елімізде барлығы 1 293 448 адам COVID-19-

дан емделді. Ал вакцинаның бірінші компонентін 9 532 368 адам, екінші компонентін 9 315 917 адам салдырды, – деп жазылған комиссия мәліметінде.

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының хабарлауынша, кейінгі екі аптада вирус жұқтыру 30% өскен. Еуропа мен Америкада омикронның Би-Эй 4 және 5 деген түрлері кен етек жая бастады. Ал Үндістанда вирустың жаңа өзгерген нұсқасы тіркелген.

Ал Түркияда кейінгі екі аптада коронавирус инфекциясы бес есе өсті. Азаматтардың негізгі бөлігі омикрон штаммын жұқтырды.

Қазір коронавирус белгілері мен ағымы бойынша басқа ЖРВИ-ден ажыратылмайды, алайда ол әртүрлі аурулардың козуына әкелуі

мүмкін. Сондай-ақ, ол әртүрлі тромбозбен байланып асқынудың дамуымен жүрек-тамыр жүйесі, тірек-қимыл жүйесі, тері, өкпе, әртүрлі аутоиммунды аурулардың манифестациясын немесе козуын тудыратын қиын ауру болып қала береді.

Таза ауада серуендеп, тыныс алу жаттығуларын жасап, жаңа піскен жемістер мен көкөністерді пайдалану аурудан кейін қайта қалпына келуге көмектеседі. Егер аурудың белгілері ұзаққа созылса, онда өзі бұрын білмеген аурудың өршуіне алып келуі мүмкін жағдайға тап болмас үшін науқас дәрігермен кеңесу керек.

“Ел тілегі” ақпарат.



АБЫЛАЙХАН РАХЫМОВ: «КӘСІПКЕР НӨЛДІК ДЕКЛАРАЦИЯНЫ ТАПСЫРСА, ОЛ ӨЗІ ҮШІН ЖАРНАЛАРДЫ ТӨЛЕУГЕ МІНДЕТТІ»

Жаз – демалыс кезі. Бұл күндері және жалпы жыл бойы МӘМС жүйесінде сақтандырылғандардың қатарында болу маңызды. Өз мәртебені қалай сақтауға, артық немесе қате төленген жарналарды қалай қайтаруға болады? Халықтың осы және өзге де сауалдарына Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының облыстық филиалының бөлім басшысы Абылайхан Рахымов жауап берді.

–Міндетті медициналық сақтандыруға артық немесе қате төленген жарналарды қалай қайтаруға болады?

–Төлеуші міндетті медициналық сақтандыруға қате аударылған соманы қайтару туралы өтінішті өз қаласындағы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының филиалына тапсыру керек (өтінімнің үлгісі Денсаулық сақтау министрлігінің 30 маусымдағы бұйрығында, 2017 ж. № 478, 1 қосымша) Төлеушілерге шегерімдердің, жарналардың және (немесе) шегерімдердің уақтылы және (немесе) толық төленбегені үшін артық (қате) есептелген сомаларды қайтару ережелері төмендегі сілтемеде: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015361>

–Егер кәсіпкердің табысы болмаса, ол нөлдiк кіріс тапсырады. Бұл жағдайда қалай болады?

–Егер жеке кәсіпкер нөлдiк декларацияны тапсырса, ол өзі үшін жарналарды төлеуге міндетті, себебі мемлекеттік кіріс органдарында жеке кәсіпкер ретінде тіркеу есебінде тұр.

«МӘМС туралы» Заңның 28-бабының 5-тармағына сәйкес ЖК, ШК иелерінің, жеке практикамен айналысатын адамдардың ай сайынғы төлем мөлшері 2022 жылғы 4200 теңгені (1,4 ЕТЖ-дан 5%) құрайды.

«МӘМС туралы» Заңның 31-бабына, 1-тармағына сәйкес, жеке кәсіпкерлер

мен жұмыс берушілер төлем жасамаған жағдайда төлем жасалған күнді қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күн үшін төленбеген соманың 1,25% мөлшерінде айыппұл салынады.

Тісінше, егер жеке кәсіпкер салық органдарымен қызметін және салық есептілігін тоқтатқан болса, жұмыс істемесе және кіріс ала алмаса, бірақ сонымен бірге жеке тұлға бола тұра, үш жасқа толғанға дейін бала күту немесе бала күтімі бойынша демалыста болса, онда бұл адам міндетті медициналық сақтандыру үшін жарна төлеуден босатылады.

Айта кету керек, егер ЖК 15 жеңілдік санатына жататын болса немесе оның қызметкерлері сол қатарынан болса, олар үшін төлемді мемлекет жүргізеді.

–Ресми түрде жұмыс істейтін адам 56 күндік ұзақ демалысқа шықты. «Сақтандыру» мәртебесін сақтап қалу үшін МӘМС-ке жарнаны қалай төлейді?

–Сіздің жұмыс берушіңіз міндетті медициналық сақтандыру төлемдерін дұрыс бөлуі қажет. Егер демалыс бірнеше кезеңді (бір айдан астам) қамтитын болса, онда міндетті медициналық сақтандыру төлемдерін кезеңдерге бөлуі тиіс. Мысалы, сіз тамыз және қыркүйек айларында демалыста болды делік. Бұл жағдайда есепші төлемдерді бір сомада емес, екі түрлі кезеңге (тамыз және қыркүйек) есептеуі керек.

ӘДЕП КОДЕКСІН БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ПРОФИЛАКТИКАСЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Әдеп жөніндегі уәкіл туралы ережесі талаптарын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасы Төтенше және Өкілді Мемлекеттік қызметшілерінің Қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінде 2016 жылы 30 маусымнан бастап әдеп жөніндегі уәкіл тағайындалып, жұмыс жасауда.

Әдеп жөніндегі уәкіл – қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің бұзушылықтардың профилактикасын қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға консультация беретін мемлекеттік қызметші.

Әдеп жөніндегі уәкіл өз қызметі шегінде мынадай функцияларды жүзеге асырады:

– мемлекеттік қызметшілерге Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының және Әдеп кодексінің талаптарын сақтау мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсетеді;

– мемлекеттік қызметшілердің заңдарда белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауына ықпал етеді;

– өзі жұмыс істейтін мемлекеттік орган басшылығының тапсырмасы бойынша мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды;

– ұжымда жалпы қабылданған моральдық-әдептік нормаларына сәйкес келетін өзара қатынастар мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

– мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда, оларды қорғауға және қалпына келтіруге бағытталған шараларды қабылдайды;

– мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауын мониторингтеуді және бақылауды жүзеге асырады;

– мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері басшыларының қызметтік әдеп нормаларын бұзу деректері бойынша тиісті шараларды қабылдамау жағдайлары туралы мемлекеттік органның басшылығына хабарлайды;

– мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және Әдеп

кодексінің бұзған жағдайларда, құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен шарттарды талдайды және мемлекеттік органның басшылығына оларды жою туралы ұсынымдар енгізеді;

– Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және Әдеп кодексінің бұзу профилактикасы және оған жол бермеу, сондай-ақ мемлекеттік қызметтің оң бейнесін қалыптастыру мақсатында азаматтық қоғам институттарымен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды;

– Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және Әдеп кодексінің сақтау мәселелері бойынша мемлекеттік қызметшілермен түсіндіру жұмыстарын тұрақты негізде жүргізеді;

– заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті лауазымды адамдарға қызметтік әдеп нормаларын бұзуға жол берген мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін қару туралы ұсыныммен жүргізеді;

– қызметтік әдеп нормаларын бұзудың профилактикасы мақсатында өзге де қызметті ұйымдастырады.

Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызмет немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат саласында болып жатқан өзгерістердің мәнін әртүрлі себептерге байланысты (негізгі қызмет бағыты бойынша жүктеменің көптігі, еңбек өтілінің аздығы, заң білімінің жоқтығы және т.б.) толық түсінбеуі мүмкін сондықтан, шешімдер қабылдау немесе өз құқықтарын қорғау барысында, мемлекеттік қызмет туралы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама және Әдеп кодексі талаптарын бұзушылықтың алдын алу мақсатында қоғамдық және үкіметтік емес ұйымдармен тұрақты түрде жұмыс жасау Әдеп жөніндегі уәкілдермен жүзеге асырылады.

Ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың негізгі индикаторы болып табылатын, мемлекеттік қызметшілер арасында жүргізілетін жасырын сауалнама қорытындысы бойынша мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама және Әдеп кодексі талаптарын бұзушылыққа мемлекеттік қызметшінің итермелейтін себептер мен жағдайларға Әдеп жөніндегі уәкілдер талдау жасап отыруы қажет.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің Әдеп жөніндегі уәкілінің жұмыс телефоны 275277, ұялы телефоны 8778762421 кабинет 10, қабылдау кестесі күнделікті, электрондық почтасы: nizmagambetov@emer.gov.kz

**Нұрлан Төребайұлы,
ҚР Төтенше жағдайлар
министрінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік
комитетінің Қызылорда облысы
бойынша департаментінің бөлім
басшысы, Әдеп жөніндегі уәкіл**

АИТВ инфекциясы туралы не білеміз?

1981 жылы СПИД ауруының алғашқы оқиғасы АҚШ-та гомосексуалистер арасында тіркелген болатын. Ол кезде Үкімет тарапынан бұл ауруға көңіл бөлінбеді, гомосексуалистер ауырса ауыра берсін деген қате пікірлер туындады. Осылай Үкімет пен ғалымдар арасында түсініспеушілік туындап жатқанда аталмыш жұқпа елден елге, материктен материкке тарап кетті. Бұл аурудың нәсіл, жер, ұлт, шекара, жас талғамайтыны белгілі болды. 1982 жылы алғашқы рет СПИД деген термин пайда болды. 1983-84 жж. аурудың қоздырғышы анықталды, 1986 жылдан бастап ол ВИЧ деп атала бастады.

Біздің облысымызда СПИД-тің ең алғашқы оқиғасы 1990 жылы Шиели ауданының 24 жасар тұрғынында анықталса, екінші оқиғасы 1993 жылы 61 жастағы оның анасынан анықталды. Жүргізілген эпидемиологиялық зерттеу жұмыстары 24 жастағы жігіттің Ресей мемлекетінен жұқтырып келгенін және гомосексуалдық жыныстық қатынас арқылы жұқтырғанын анықтады. Сол кездегі жұмыс жасаған дәрігерлер анасы баласына медициналық күтім жасау кезінде қолындағы жаракат арқылы жұқтырған деген шешімге келген. Бірақ, олардың екеуі де анасы 1993 жылы, баласы 1995 жылы СПИД ауруынан қайтыс болды.

Қызылорда облысында АИТВ/ЖИТС (ВИЧ/СПИД) оқиғасы анықталған сәттен бері 236 адам тіркелген. Жұғу жолдары бойынша 236 адамның 34-і (14,4%) инъекциялық есірткі тұтынушылар, 179-

ы (75,8%) жыныстық қатынас арқылы және 3-і (1,2%) анасының жатырында жұқтырған, 14-і гомосексуалдық жыныстық қатынас арқылы (5,9%) 5-н (2,1%) жұғу жолы белгісіз. 236 адамның 148-і (62,7%) ерлер, 88-і (37,2%) әйелдер. 2022 жылдың 6 айында 24 адамнан АИТВ инфекциясы анықталып отыр (2021 жылы -19 адам).

Біріншіден, қорғалмаған кездейсоқ жыныстық қатынасқа түсу кезінде. Екіншіден, қан арқылы, яғни есірткі тұтынушылар есірткіні тамыры арқылы медициналық құралдарды ортақ қолданғанда. Үшіншіден, анандан балаға жатыр арқылы, босануы кезінде немесе ана сүті арқылы жұғады. Бұл инфекция тұрмыстық жағдайда жұқпайды. Сондықтан, кейбір тұрғындардың мен ондай адаммен бір үйде тұрсам, бірге жұмыс істесем, бір оқу орнында оқысам жұқтырма деген бос сөз. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұйғарымына сәйкес ВИЧ/СПИД-тің алдын алу шаралары 4 бағытта жүргізіледі:

Бірінші бағыт – жыныстық қатынас арқылы таралудың алдын алу. Ең алдымен кездейсоқ жыныстық қатынастан аулақ болу керек, мүшекап қолдануды тұрақты дағдыға айналдыру қажет.

Екінші бағыт – қан арқылы таралудың алдын алу. Бұл жерде ең басты жұмыстардың бірі-инъекциялық есірткі тұтынушылар арасында шприц алмастыру жұмыстары немесе мінез-құлқы қатерлі топ өкілдері (инъекциялық есірткі тұтынушылар, жыныстық қатынас қызметкерлері, ерлермен жыныстық

қатынас жасайтын ерлер) арасында «Зияндылықты сейілту» бағдарламасын пәрменді жүзеге асыру болып табылады. Ол үшін осы топтар арасында СПИД орталығында 2 стационарлық және 1 жылжымалы сенім пункттерін жұмыс жасайды. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты – есірткі тұтынушы тұлғаларға шапириттер, мүшекаптар тараға отырып қалай болғанда да олардың арасына ВИЧ инфекциясын енгізбеу, енген күнде де оны одан әрі таратпау болып есептеледі. Сонымен қатар, донорлық қан қауіпсіздігін және медициналық мекемелерде асептика, антисептика ережелерін қатаң сақтау арқылы қан арқылы таралудың алдына тосқауыл қоюға болады.

Үшінші бағыт – анандан балаға берілуің алдын алу. Екікабағ әйелдерді екі реттен ВИЧке тексеруден өткізу, ВИЧ жұқтырған екікабағ әйелдерді дер кезінде диспансерлік есепке алып профилактикалық ем жүргізу, баланы іштен жарып алу, туылған балаға профилактикалық ем жүргізу сияқты шаралар жүргізілуі керек.

Төртінші бағыт – ВИЧ жұқтырғандарға білікті медициналық көмек, әлеуметтік қолдау көрсету. Ең бастысы – ВИЧ жұқтырғандарды алашауға, оларға «танба басуға» болмайды.

**А.Ж. Молдабекова,
Шиели филиалының дәрігер
инфекционисті**

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ 100 СТУДЕНТКЕ ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ГРАНТЫ БӨЛІНБЕК

Қызылорда облысында 2013 жылдан бастап халықтың осал топтарынан шыққан студенттерге облыс әкімінің гранты тағайындалып келеді. Бұл бастама мұқтаж отбасылары балаларының жоғары білімді мамандық иесі болып, әлеуметтік жағдайының жақсаруына айтарлықтар септігін тигізуде.

Бүгінгі күні еліміздің алдығы қатарлы жоғарғы оқу орындарында оқитын 1249 студент облыс әкімінің грантын иеленіп, оның 764-і оқуды бітірді. 24-і жұмыспен қамту шараларына тартылған. Өзге студенттер бала күтіміне, басқа өңірге көшуіне және магистратураны жалғастыруына байланысты есепте.

«Быылғы жылы тағы да 170 студент оқуды аяқтап жатыр. Дегенмен, 2021-2023 жылдарға жасалған облыстың еңбек ресурстарының балансына сәйкес мамандар тапшылығын ескере келе, мәслихат депутаттары тарапынан аймақ басшысы Нұрлыбек Мәшбекұлына 2022 жылға 100 маман даярлауға ұсыныс берілді. Қазіргі таңда ұсыныс мақұлданып, алдағы уақытта 100 студенттің оқу ақысын төлеуге және әлеуметтік көмек көрсетуге қаражат бөлінетін болады», – деді облыстық мәслихат депутаты Гүлнәр Ескалиева.

ҚЫЗЫЛОРДАДА ТӨЛЕМ ТЕРМИНАЛДАРЫН ҰРЛАҒАН ТҮРКІСТАНДЫҚ ҚОЛҒА ТҮСТІ

Ұрлық қылмысына күдіктелген тұлға төлем қабылдайтын терминалдарды дәрханалардан ұрлаған. Алайда, үш терминалды қолды еткен ол көп ұзамай тәртіп сақшыларының құрығына ілінді.

Оқиға ағымдағы жылдың шілде айының басында болды. Полицияға мекеме директоры арзданып, оларға тиесілі үш терминалдың ұрланғанын айтқан. Ұрлық жасауға бел баған белгісіз азамат қала орталығында орналасқан дәрханалардағы терминалдарға көз салған. Сол жерде жұмыс істейтін қызметкерлерге я күзетшіге өтініш айтып, дәрхананың ішінде орналасқан терминалды бірге көтеріп шығып, алып кететін болған.

Осылайша, алдын ала құрған жоспары бойынша бұл азамат дәрханалардағы үш терминалды қолды еткен.

Полиция қызметкерлерімен жүргізілген жедел іздестіру шараларының нәтижесінде осы қылмыстарға күдікті ретінде Түркістан облысының 31 жастағы тұрғыны ұсталды. Үш бірдей қылмысты өзі ұйымдастырып, арам ойын жүзеге асырған азамат Қызылорда қалалық Полиция басқармасының уақытша ұстау изоляторына қамалды.

Оған қатысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188-бабы (Ұрлық) бойынша сотқа дейінгі тергеу – тексеру әрекеттері жүргізілуде. Шығын көлемі есептелуде. Қазіргі уақытта полициялар алысқа ұзамаған ұрының басқа да қылмыстарға қатыстылығын тексеріп жатыр.

"Ел тілегі" ақпарат.

Жолаушылар мен багажды автомобильмен ауданишілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

1. Мұнайлы ауданының әкімдігі, 2022 жылы Мұнайлы ауданы Маңғыстау ауылы мекен-жайы бойынша жолаушылар мен багажды автомобиль көлігімен тасымалдау мақсатында, аудан елді мекендерін жалғастыратын тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарлайды.

2. Конкурстық мынадай маршруттардың пакеттері (маршруттар) шығарылады:
№1 лот №13А «Маңғыстау-Дәулет-Қызылтөбе» маршруты. Конкурстың өтетін күні 12 тамыз 2022 жыл Маңғыстау ауылы «Мұнайлы ауданы әкімінің аппараты» ММ-нің ғимараты 1 қабат кіші мөжіліс залы сағат 17:00-де.


3. Конкурстық меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдары бар кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысады.

4. Конкурстық қатысуға тілек білдірушілер конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Мұнайлы ауданы Маңғыстау ауылында орналасқан қоғамдық ұйымдар ғимаратының 3- қабатында орналасқан «Мұнайлы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне ұсынуы тиіс.

5. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және конкурстық қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2022 жылғы "29" шілде.

6. 2022 жылы 19 шілдеде конкурстық комиссия, конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференция отырысын өткізеді.

7. Анықтама алу үшін телефондар: (87922)46-62-29. (87922)46-62-30.



Сүгір сылға тартқан Телқоңыр

Парасат-пайымы жоғары, ақыл-ойы асқақ, сезімі сергек, ойлауы терең, табиғаты таза, жүрегінде нұр тұнып, тілінен бал тамып тұрған, өрісі кең, өресі биік, бітімі бөлек, төрт қаруы сай, өзі де, өмірі де бір қасиетті адамдар болады. Мен сондай қарттардың қатарына өз әкемді жатқызар едім. Кез келген ақсақалдар отырысында, дастархан басында қамырдаң қыл тартқандай жүйелі әңгіменің, сырлы сұхбаттың шыбырлы да, жүгенін де ұстайтын. Өкінішке қарай, бұл кісі жазылмайтын ауыр науқасқа шалдықты. Адамзаттың нағыз өмірсүйгіштік, төзім, сабыр, шыдам, шүкірлік сияқты қасиеттер осындай тағдырлы сын сағаттарда айқындала, айшықтала түседі екен. Бұл кісі ерік-жігерінің мықтылығы арқасында сарыуайымға салынбады, жігерін күм қылмай, өлімнің суық белесіне бойын алдырмай, қасқайып тұрып қарсы алды, езілмеді, егілмеді, ессесін түсірмеді, ешкімге салмақ салмады.

Жетпіс төрт жасқа қараған шағында әкемің айтқанын 50 жылдан кейін әкемің жасына жеткенде қағазға түсіріп отырмын. Бұл – оның дүниеден өтер алдындағы аманаты. Осы әңгіме әйгілі шертпе күйдің шебері Сүгір Әліұлы туралы өрбем.

Әкем марқұм әңгімесін қоңыр даусымен былай бастап еді:

– Түрекең екеуміз Тоқтамыста дүние есігін ашыпмыз. Қатар өстік, ол кезде білім алатын оқу орны жоқ. Тіп-қашып «Қосүйенкі» яғни, қатар жатқан Қырғызалы ағайындардың ауылына бардық. Бар-жоғы 3 ай ауыл молдасынан шалажансар бірдене алдық. Оны оқыды деуге болмайды. Тоқтамыста Алтытаның бір тармағына жататын ағайындар тұрды. Ол кездегі ауызбіршілік қандай еді десенің?!

Түрекең жастайынан домбыраға құштар болды. Ауылда жалғыз домбыра Кәреней ағамыздың үйінде еді. Ол кісі мандытып тарта алмайды, тек бес-алты ауыз өлені бар, кешкінін далаға текемет жайып, айтып отыратын. Сол кездің өзінде Түрекең домбыраны үйреніп қалған, бірақ емің-еркін тарта беретін домбыра жоқ. «Шіркін, бір домбыра болса екен» деген арман ғана.

Осылай жүргенде Шиели жатқан Түркістанға түсіп бара жатқан көш кешке таман біздің ауылға келіп, құдайы қонағымыз болды. Жаңабай, Кәреней ағаларымыз кісілерді қонақ етті, мал сойылды. Киім киісі, жүріс-тұрысы біздің ауыл адамынан өзгешелеу. Тамақ асылып, шай қойылып жатыр. Біз сығалап, сыртынан бақылап жүрміз. Сол кездері 14-ке келіп қалған бозбала кезіміз-ау. Тамақ келді, әңгіме-дүкен құрылып, арты өлен-жырға ойысып кетті. Бір кезде бір әйелдің әні Тоқтамыстың түнгі аспанын түріп өтті. Көпшілік қошеметпен әйелге көйлек-орамалдық мата әкеліп жатты. Ақкөңіл Кәреней ағамыз өзінің домбырасын алдырып, халық әні «Ақсұңқарды» әуелетіп жіберсін. Жасы 40-қа жақындап қалған жігіт ағасы арбаның үстінен қос домбыра алып келді. Біреуінің құлағын келтіріп еді, ойынан шықпады ма, екіншісін алып қағып-қағып жібергенде аласапыран күйдің зары билеп кетті. Түрекеңнің екі көзі күйшіде, аузынан суы ағып, екі қолы тығым таппай тыпырлап күйші жігітке, «аға, домбыраныңды бере тұрасың ба, сіз тартқан күйді қайталап көрейін» деді.

Күйші жігіт сеніңкіремей, селкөс күйде ұстата салды. Түрекең

домбыраны қағып-қағып жібергенде, оның екі бетінен от жалыны шыққандай қызарып, сүйкімді жүзі ажарланып кетті. Өзер дегенде өзіне келген болу керек. Бір кезде сұлу сазды күй анырап бір кетсін... Мейман күйшінің домбырасының дыбысынан Түрекеңнің тартқан, яғни қайталаған күйі керемет боп шықты. Жұрт «Айналайын, қолың талмасын, атың қазаққа жайылысын» деп шулап кетті. Сол кезде домбыраның егесі қыпшақ жігіт орнынан тұрып, «кел, бауырым, сенен үлкен күйші шығады екен» деп, құшақтап ақ батасын беріп, сол тартқан домбырасын сыйлап кеткен.

Содан бастап күнде кешке бір үйге жиналып Түрекеңнің күйін тыңдаймыз. Арасында Кәреней ағамыздың әндерін және жеңелеріміздің сыңғырлаған дауыстарын да ести бастадық. Осындай мамыражай дәуірде Тоқтамыстың басына қара бұлт орнады. Бір Тоқтамыстың халқы емес, бүкіл елде дүрбелең басталды. Николай патша құлады, елде ірілі-ұсақты байларға көмекке басталды. Қолдағы малды большевиктер тартып алып, халық жалпап ашаршылыққа ұрынды. Малдан айырылған ағайындар Өзбекстанға қарай ағыла бастады.

Сол тобырмен мен де Өзбекстанға кеттім. Ашаршылықтың азабын аз тартқан жоқпын. Бірақ Түрекең туған жерден табан аудармай, атақоныста азанғай ағайынмен қалды. Түрекеңнің екінші бір өнері – асқан етікшілігі еді. Бойжеткен қыздарға биік өкшелі етік, кебіс, мәсі, ерлердің етіктерін керемет тігетін. Тоқтамыста қалған жиырмаға жуық ағайынды осы көлөнерінің арқасында ашаршылықтан аман алып қалды. Ең арғысы ауыл ақсақалдары мен балалардың шашын, қариялардың сақал-мұртын алу мойнында еді. Ағайынға деген қамқорлығы, бауырмалдығы сондай, бір тостак бидайы болса, үй-үйді аралап бөліп беруші еді. Мұндай бауырмалдықты тек адамгершіліктің нәріне шомылған адам ғана жасай алады.

Елден кеткеннен 1946 жылы Тоқтамысқа оралғанымда, Түрекең алдымнан жылап шығып, екеуміз сағыныштан көз жасымызды көл қылғанымызды қалай ұмытпа аламын. Ол қиын кез еді. Соғыс жаңа аяқталған, халық есін жимаған, екі үйдің бірінің боздақтары майданнан оралмаған. Сол кездегі айналайын ағайын-ай, көңіліңде кішкентай қалыс пікір жоқ еді ғой... Ал, қазір ше? Оны айта алмаймын, – деп әкем жөтел қысып біраз дем алды.

– Содан мен 1946 жылы «Қызылмашы» колхозының бір отар малын қабылдап алдым. Түрекең баяғы өзінің атақонысында қалды. Жазға салым үйіне соғып шай ішіп отырғанымда:

– Мынау баяғы қыпшақ көшіп бара жатқанда беріп кеткен домбыра ғой, – деді. Танымай қалдым, неше түрлі өнеркермен көмкерген домбыраны қағып қалғанда, баяғы бала кездегі тыңдаған дыбыс бірден ойыма оралды.

– Баяғы күйлеріңізге тағы күй қостыңыз ба? – дегенімде, қатарынан адамның жан жүйесін балқытып жіберетін шертпе күйлерді ағытсын-ай... – Мына күйлеріңізді бұрын-соңды естіген жоқ едім. Мұның егесі кімі? – дегенімде Түрекең маған қарап:

– Әй, Әбдіғабар сенің анаңның төркіні Созақта емес пе еді? Сол Созақта атақты Әліұлы деген сұңғыла күйші бар деп радиодан естідім. Сол радиодан тыңдап домбыраға түсірдім,

– деді. Тұла бойым балқып жүре берді. Бұл ұмытпасам 1951 жыл болуы керек. Сол кезде үш батареясы бар радио шыққан болатын. Соны Қосүйенкіден бір кісі ұзататын қызына етік тіккізгенде ақысына берген. Айттып отырған радиосы сол.

– Ай, құрдас, ойымыңан кетпей жүр. Сүгір деген күйші тірі екен, қазір 69 жаста көрінеді. Радиодан «Сүгірдің күйлері» деген хабардан естідім. Арманым – сол кісінің алдына барып, өз көзіммен көріп, алдынан күй тыңдасам. Сол кісіге арнап аттың аузын ашып берген етік тігіп қойдым. Соған екеуміз барып келсек қайтеді? – деп қолқа салды.

– Алдымда колхоздың 800 бас малы бар, оған кім қарайды? – дедім. – О жағын маған тапсыр. Колхоз басқармасы Ақылбек бір етік тігіп бер деп қоймай жүр. Соған айтам, біз барып келгенше малға еге болатын адам бер деймін. Сол өтінішті орындасаң етік тігіледі деп хабар жіберемін. Одан қам жеме деді. – Түрекең.

– Жарайды, – дедім мен де. Екі күннен кейін колхоздан Фазыл деген ініміз келіп, малға иелік етіп, екі құрдас «Қайдасың, қасиетті Созақ мекені?» деп екі аптен маусым айының ортасында араға бір түнеп жеттік. Созақ сахарасының сайын дәлелсізнен дейін, күмбірте күйі төгіп, әулеті ән салып тұрады деп естітінбіз. Өйткені бұл – өнер қонып, бақ дарыған өлке. Талай талантты дүниеге әкелген. Теріскей топырағында кешегі Ықылас Дүкенұлы, Сүгір, берідегі Жаппас Қаламбаев сынды дүрлер өмір сүрген. Сүгірдің «Телқоңыр», «Майдақоңыр», «Шалқыма», «Ынғайтөке», «Қосбасар», «Бесжорға», «Бозінген», «Үлме», «Ажқелен», «Аққу» күйлері болған.

Ендігі мақсат – Сүгірдің үйіне бару, күй тыңдау. Барған бойы Ахметжан деген нағашым қарсы алып, бір семіз ісекті аударып тастады. Шай ішілді, қазанда семіз ет бұрқ-бұрқ етіп қайнап жатыр. Байқаймын, Түрекеңді ас-ауқат қызықтырып отырған жоқ. Есіл-дерті Сүгірдің алдына барып, сәлем беріп, өзінің тартып жүрген күйлері дұрыс па, бұрыс па соны болу және білмейтін күйлері болса үйреніп қайту. Оған күй үйренудің еш қиындығы жоқ, Сүгір бір тартса, өзіне ізбе-із қайталап беретініне сенімді.

Ет те пісіп, алдымызға тамақ келді. Жеп отырғанда Ахметжан нағашыма шақыртушы бала келді. – Сізді Сүгір атам шақырып жатыр. Сонау Ұлытау жатқан бес-алты домбыраны келген екен, солардың ішінде болсын деп, – деді де, бала жүгіріп кетті.

Түрекеңе қарасам өңі өрттей, томағасын шешкен бүркіттей тыпырлап кетті. Тамақ жеп те жатыршады. Ахметжан нағашыма айттым:

– Біздің бірінші мақсатымыз – сізге сәлем беру. Екінші мақсатымыз – қасымдағы туысыңам да асқан домбырашы, Сүгірдің күйлеріне сыртынан құмартып, бір көріп, күйін тыңдасам деп жүрген. Бізді де сол жерге өзінше бірге ала барсыз ба? – Ойбай-ау, ол не дегендерің? Біздің Сүкен адам жатырқамайды. Әсіресе домбыра тартып, күй шертетін адам кездессе, баладай қуанатын өте мейірімді адам, – демесі бар ма?

Екі туысың «көкпен іздегеніміз жерден табылды ғой» деп сыбыр ете қалдық. Үшеуміз намаздығыр шамасында алты қанат ақбоз үйге маңдай тіредік. Сәлемдестік.

Ұлытаудан келген меймандардан төмендеу отырдық. Бір жағы олар бізден бес-алты жас үлкен сияқты көрінді. Таныстық басталды, артынша семіз марка қозының еті де дастарханнан орын тепті. Сүгірге қарап:

– Сүке, біз де домбыра тартып жүрген азаматтармыз, күйлеріңді сізден басқа біреуден үйренгенбіз. Соның дұрыс-бұрыстығын өзіңізден тыңдап, қатесі болса соны түзеткелі келдік, – деді. – Бесеуміздің алып келген бес байталымыз бар, қазығыңызға байлап қойдық.

– Несіне әуре болдыңдар, мен күйімді сатпайтын адаммын, – деді Сүгір.

– Жоқ, Сүке, олай емес. Бұл Ұлытаудан сізге алып келген қыстық соғымымыз, – дегенде:

– Жарайды онда, – деді.

Домбырасын алып біраз тыңқылдағып отырып, бірден «Қосбасардан» бастап 15-16 күйді бірақ тартып тоқтады. Түрекең үнсіз отыр.

– Әбдіғабар, менің тартқаным қате екен кейбір жерлері, – деп далаға жүгіріп шығып кетті де, атының жанында ілулі тұрған домбырасын алып келді. Әй-шайға қараған жоқ, қатарынан 16 күйді құлды күйшінің тартқанындай етіп қайта тартып берді.

Сүгір орнынан қалай тұрып кеткенін өзі де байқайды:

– Келші інім, бауырыма қысайын, – деп бауырына қысып біраз тұрды да, – сендердей азаматтар аман тұрғанда менің күйлерім жоғалмайды екен, – деп балаша қуанды.

Әкем әңгімені біраз тоқтатты.

– Артынша Ұлытаудан келген бес күйші бірінен соң бірі тартты. Алдыңғы екі күйшіден кейін қолың көтерді.

– Күйге қиянат жасамаңдар айналайын, атала-ботқасын шығарып жібердіңдер, – деп реніш білдірді. – Қалған үшеуі шамалы дұрыстау, кем-кетігін жөндеп аларсыңдар, енді демалайық түннің бір уағы болып қалды, – деп далаға шықтық.

Ертеңіне ұлытаулық домбырашылар көңіл-күйі болмай, еліне аттанып кетті. Мен Түрекеңе:

– Біз не қыламыз? – дегенімде, – жан бауырым, мұндай адам енді кездесе бермейді ғой. Нағашына айтсай, Сүгірдің үйіне тағы бір қонайық. Атақты күйшінің іші, яғни асқазанын тағы бір аударып көрейік, – деп қиялды.

Нағашыма айтты едім: – Қазір шай ішіп болғаннан кейін кешегі әкелген етіктеріңді кигізіңдер, мүмкін сол кезде Сүкен жайылып, тағы біраз күйлерін ақтарар, – деді.

Шай ішіп болған соң:

– Аға, сізге арнап өз қолымнан тігіп әкелген қырым етігім бар еді. Соны сыйласам, тапсырсам ренжімейсіз бе? – деп дорбадан шығарған кезде Сүгірдің көзі жайнап кеткенін байқап қалдым. Деруе оң аяғын киіп тұрып:

– Өнерің өрге өрлей берсін. Сендей шөкіртім барында мен қарайламай-ақ кете берсем де болады екен, – деп көзіне жақ келіп қалып еді. Міне, күй құдіреті деген осы болса керек.

Ертеңіне Сүгір күйші күнге ден келген дәулескер күйші інісіне арнап мал сойып, әңгіме-дүкенді ағзызып еді-ау, – деп әкем терең күрсініп, ойға кетті.

– Күйші былайша аса момын адам сияқты көрінгенімен, домбыра тартқан кезінде ұшуға даярланған қыран құстай қанатын қомдап, басқа бір күйге түсіп кететінін байқадым. Нағыз жігіттік, яғни, күйшілік өнерді барынша меңгерген шағында Ұлытауда найманның Жырық руының Ибеке атасынан тараған, Есенбек, Есенғабал деген ағайынды батыр әрі дәулетті кісілердің Есенбегінің кіші күйші Мафузға домбыраны Тәттімбет үлгісінде шертіп, Орта жүз, Арғын-Найман елінің арасында өзіне теңдес күйші болмай көңілі құлазып жүр екен деген әңгімені Сүгір де естиді. Жолға жиналады. Мафузға елің құрметіне бөленіп отырған ерке қыз болып шығады. Өзіне сенімді қыз еркінсіп «Домбырада күй сайысынан мені кім жеңсе, қойшы-қолан, жарлы-жақпай демей, шал болса да қартсынбай тиер едім» дегенін де естіген. Дегбiрi қашып, күндiз күлкiден, түнде ұйқыдан қалады. Көңiлi алабұртып, жүрегi өрекіп беймаза бiр күйге түседi. Ұлытау баурайында жатқан сұлу да сылқым қыз түсіне кіріп, күйшінің жанын жай таптырмайды.

Осы ынтызарлықпен әкесінің қалауынан тыс жолға шығып, Ұлытауға келіп ат шалдырып отырған беті еді. Айтса айтқандай Мафузға мінезіне ақылы, ақылына көркі сай өнерлі қыз екен. Сүгір әкесінің «Не айттып тұрсың? Ұшса құстың қанаты таланып, шалпа ат тұяғы тозатып, көз көрмеген, құлақ естімеген, қайдағы бір қиялды айтасың, Ол қызды жегеніңмен мұратына жете алмайсың. Өйткені қырық жетіні матап беріп, құда түсіп қойған» дегеніне қарамай, айшылық-айлық жерден ат сабылтып келгеніне өкінген жоқ.

(жалғасы келесі санда)

Орынбек қажы Әбдіғабарұлы



Бұқалар жарысында бірнеше адам жарақат алған

Испанияның Памплон қаласында өткен бұқалар жарысында үш адамды өгіз сүзіп, тағы бірнешеуін таптап кеткен.

Жарыс басталған бетте үш минуттың ішінде алты адамға медициналық жәрдем қажет болды. Бұқалар жарысы – бір аптаға ұласатын Сен Фермин фестивалінің дәстүрлі әрі ең қауіпті іс-шарасы. Отыз жылдан астам уақыт бойы ұйымдастырылатын жарыста 56 адамды бұқа сүзіп кеткен, 16 адам мерт болған. Соңғы рет кісі өлімі 2009 жылы тіркелген екен. Сол себепті биылғы жарыс салыстырмалы түрде тыныш өтті деп саналады.

Жалпы бұқалардан қашу небәрі екі-үш минутқа ғана созылады. Жарыс жолы 800 метрге жетеді. Әдетте көше бойымен қуа жөнелетін 600 келілік өгіздер, матадормен айқасатын алаңға жетеді. Кешқұрым мұнда коррида ұйымдастырылады.

Францияда індеттің жетінші толқыны басталды

Коронавирустың Омикрон штаммының тез тарауына байланысты Францияда індеттің жетінші толқыны басталды. Маусым айының соңында елде ковидті жұқтырғандардың қатары күрт артқан. 29 маусымнан 5 шілдеге дейін күнне орташа есеппен 119 мың науқас анықталған. Бұл осыған дейінгі аптамен салыстырғанда 80 процентке көп.

Үкімет індеттің таралуына тосқауыл қою мақсатында 60 жастан асқан азаматтарға төртінші еске жасауға ұтсау берді. Омикрон штаммы коронавирустың өзге түрлеріне қарағанда тез жағлады. Мамандардың айтуынша, вакцина алған адамдарда ауру жеңіл өтеді.

Еуропада бұрын-соңды болмаған аптап ыстық болады

Францияның оңтүстік-батысында аптап ыстық орын алуы мүмкін. Бұл туралы елдегі «Метео Франс» ұлттық метеорологиялық қызметі сарапшылары мәлімдеді.

Ауа температурасы 36-38 градустан жоғары болуы аталған аймақтың климаттық нормасынан жоғары деп саналады. Француздық метеорологтар жоғары қысым аймағы Марокко, Франция мен Британдық аралдар арасында орын алатындығын айтты. Осы арада Францияға Марокко мен Испаниядан ыстық ауа таралады.

Ал испаниялық метеорологиялық агенттік өкілдері Канделеда муниципалитетінде ауа температурасы 43,3 градуска жеткенін айтып, дабыл қақты. Севильяда сынап бағанасы 42,4 градусты көрсеткен. Бұл ыстық рәсіммен де бұрын-соңды болмаған, – дейді агенттік қызметкері Рубен дель Кампо.

Көршілес жатқан Португалияда да демалыс күндері 44 градус ыстық болған. Салдарынан Еуропа муниципалитетінде ең ірі өрт орын алған. Оуремалық ғалымдардың айтуынша, Еуропаның оңтүстігінде жаһандық климаттың өзгеруі себепті ыстық райы жиілеп кеткен. Жаһандық температураның көтерілуіне қарай жоғары ыстық толқындары әлі де болады деп күтілуде.

Түркияда соңғы екі аптада коронавирус инфекциясы бес есеге өсті

Түркияда соңғы екі аптада коронавирус инфекциясы бес есе өсті. Азаматтардың негізгі бөлігі омикрон штаммын жұқтыруда. Түркияның денсаулық сақтау министрі 50 жастан асқан және қауіпті топтағы азаматтарға жүгініп, егер еске алғаннан бері алты айдан астам уақыт өткен жағдайда оларды қайта ревакцинациядан өтуге (қайта еске алуға) шақырды.

Өткен аптада Түркияның дәрігерлер Одағы ел басшылығын сырқаттанушылықтың өсу жағдайына қарай шектеу шараларына оралуға шақырды. Ұйымда жабық ғимараттарда бетпердені міндетті түрде киюді енгізуді, балаларды вакцинациялауды бастауды, ковид-ке тестілеуді қамтуды көбітеу және аурудың жағдайы туралы мәліметтерді апта сайын емес, күнделікті режимде жариялауды ұсынды.

Ыстамбұлда нөсер жауын селге ұласты

Ірі шаһарда бір түнде 7 мыңнан астам найзағай түсті. Жолды су шайып, 800-ге жуық үй мен кәсіпорының бірінші қабатын су басқан. Зардап шеккендер жоқ. Шығын көлемі анықталып жатыр. Синоптикер Ыстамбұлмен қоса 21 провинцияда нөсерлі жауын-шашын болатынын ескертіп, тұрғындарды тысқа шықпауға шақырды. Биылғы маусым Түркия үшін жауын-шашынды. Бірер апта бұрын ел астанасы Анкарада селден 1 адам, Кастамону провинциясында 3 кісі қаза тапқан еді.

Алғашқы кезекте сел шайып өткен үйлерге 5 мың лира, дүкен мен кәсіпорындағыз 10 мың лира төленеді. Адам шығыны жоқ. Сол қуантады. Жергілікті әкімдікпен келістік. Зардап шеккендер анықталып, көмек дер кезінде жеткізіледі, – деді Ішкі істер министрі Сүлейман Союлу.



(04.07-10.07.2022)

Тоқты

«Бір қиындықтан артынан екі жақсылық күт» демекші кез-келген қиындыққа шыдап бағыңыз. Ісіңіз алдағы уақытта алға басуы мүмкін. Сондықтан бәрине түсіністікпен қарағаныңыз абзал. Кейбір адамдармен тіл табысу, түсінісу қиындау болуы мүмкін. Бірақ бәрі өткініші...

Торпақ

Күннің басы қауырт тірліктермен басталғанымен, ортасына қарай барлығы реттеледі. Қала аралап, қыдырып қайтуыңызға да болады. Немесе кино театрга барып, уақытыңызды басқа да қызықты етіп өткізуіңізге болады.

Егіздер

Достарыңыз тарапынан қолдау көріп, белденің өсуі мүмкін. Ол үшін тек еңбектенуіңіз керек. Барлық нәрсені өзіңізге байланысты. Қиындықтың барлығы тек ғана еңбек ғана жеңетінін біліңіз. Сол үшін тек ғана жұмыс істеуді/білімге аса көп бөледі бірінші орынға қойыңыз.

Шаян

Еңбегіңізді бәрі бағалады екен деп тым еркіңсіз кетпеңіз. Барыңызды салсаңыз, жеңіп шығасыз барлығын. Бірақ арасында денсаулығыңызға да көңіл бөлуге тырысыңыз. Әйтпесе, денсаулығыңыз сыр беруі мүмкін.

Арыстан

Сізді қолбала қылып жұмсағысы келетіндер де табылады, өзіңізді әлсіз қылып көрсетпеңіз! Кейбіреулердің сондай паясы қылығына күйіңіз. Өзінен өзі бәрі қалыңа келеді, тек аздаған сабыр сақтап күтсеңіз болды.

Бикеш

Достарыңыздың сізді қолқалап ортаға қосқысы келіп жүргеніне біраз уақыт болды. Бірақ үнемі бас тартып жүре бермей, арасында бас қосуға баруға тырысыңыз. Әйтпесе олардың арасында қадіріңіз қалмауы да мүмкін.

Таразы

Таразы белгісіндегілер үшін бүгінгі күн үлкен жаңалықтарға толы болмақ. Сізге жақындарыңыздан естіген жылы сөздер қуат беріп келеді. Үнемі осындай жылылықты сезініп жүру үшін оларға қамқорлық танытудан шаршамаңыз.

Сарышаан

Өзіңіздің денсаулығыңызға, тамақтануыңызға көптеп көңіл бөліңіз. Жұртқа сене бермей, жана таныстықтан қашпаңыз, мүмкін ол адам болашағыңыз болар. Достарыңызбен ойнап сөйлесуден сақ болыңыз, әзіліңіз ұнамай қалуы мүмкін.

Мерген

Бүгін мергендерде өзгерістер болады. Сонымен қатар сіздің өмірлік ұстанымыңызды өзгертетіндей оқиғалар болуы мүмкін және алдыңызға жана өмірлік мақсат қоясыз. Дегенмен бәрін жасаудан құруға асықпаңыз. Бәрі өз орнына келуі ғажап емес. Күн сіз үшін сәтті өтеді.

Тауешкі

Бүгін тауешкілер достарымен жақсы қарым-қатынаста болады. Егер де ғаламторда көп отырсаңыз, дәл өзіңіздей ойлайтын адамдармен танысып, тілдесесіз. Сіздің ортаңыз жаңарып, ортаңызға жаңадан қызықты адамдар қосылады. Бүгін отбасын құрған егіздер үшін сәтті өтеді.

Сүкүйғыш

Бүгін сүкүйғыштар өз мүмкіндіктерін көрсете алмайды. Бірақ та сіз осы күні өзіңізді мазалап жүрген сұраққа шешім табаңыз. Бұрын бастаған жұмыстарыңызды бітіресіз. Осы кезде сіздің абыройыңыз жоғарылайды.

Балықтар

Балықтар үшін осы күн біркелкі өтеді. Сіз өз тобыңыздан бөлініп, өзіңізді көрсеткіңіз келеді, бірақ оның қажеті жоқ, сіз онсызда ерекшесіз. Сіз кезкелген шараларға белсене қатысасыз. Күн бір өзіңізге арналған сәтті күн!

Құрылысшы құтханасы

Бүкіл саналы өмірін үй соғуға арнаған бір прораб бар еді. Күндердің күнінде ол қартайып, зейнеттік демалысқа кетуді ұйғарды.

– Мен жұмыстан шығамын, – деді прораб жұмыс берушіге. – Зейнетке кетемін. Кемпіріммен бірге немерелеріме қараймын.

Ал жұмыс беруші ұзақ жылдар бойы өзіне адал қызметкер болған тәжірибелі маманды бірден жібере салғысы келген жоқ. Сондықтан қожайын прорабқа мынадай өтініш айтты: – Ағатай, енді сонғы бір үйді салып берші, сосын біз сені құрметпен зейнетке шығарып саламыз. Жақсы тарту-таралғы тартамыз, Прораб өтінішті бірден қабыл алды. Сөйтіп, артынша шағын отбасына арналған бір үйді салуға қызу кірісіп кетті.

Бірақ кәсіпті құрылысшы бұрынғыдай жеті рет өлшеп, бір шешіп жатпай, жаңа үйді тезірек бітіріп тастауға асықты. Сондықтан әдеттегідей құрылыс материалдарын да көп таңдамай, қолына түскен арзан бұйымдарды құрылысқа жапсырумен болды. Мұнысын ол асығыс болғанымен ақтап алғысы келді.

Бір күні үйдің құрылысы толық бітті. Оны көруге қожайын барлық нөкерлерімен келді.

Жұмыс беруші үйді аралап біткеннен кейін прорабқа қарап:

– Бұрын алдын ала әдейі айтпап едім, мен бұл үйді сенің өзіңе арнап салдырғам. Міне, кілтін. Енді құтханаңа көшіп келе бер. Бұл – менің саған көп жылдар бойы атқарған жұмыстарың үшін берген сыйым – деді.

Прораб бұған айран-асыр болып қуанудың орнына самоз болып тұрып қалды. Өңі өрт сөндіргендей болып күйіп бара жатты. Сол сәтте қандай ойда, қандай сезімде болғаны оның өзіне ғана аян. Айнала қоршаған жұрт жаппай құттықтап жатты. Көпшілік құрылыс шебері мұндай сый құтпегендіктен, қатты қызарып тұр деп ойлады. Бірақ ол жеке өзінің жауапсыз әрекеті үшін ұялған еді. Үйдің қай жерінде қандай кемшілігі бар екені оған бес саусақтай белгілі болатын. Ол осы сәт өз өмірінде бірінші рет нашар үй салғанын есіне алды. Сол нашар үй, міне, ақыр соңында өзіне бұйырыпты...

Есте тұтатын жайт: Біздің бәріміз де – прорабымыз. Біз де өз өмірімізге өсы прораб секілді жауапсыз қараймыз. Біз де оның қорытынды нәтижесі қандай болмағанына аса мән бермейміз. Тек кейін ғана қандай үй салып алғанымызды ұғынамыз. Сол кезде оны өзгертегін уақыттың қалмағанын біліп, еріксіз ісімізден сабақ аламыз.

Жыртық аяқ киім

Бір шәкірт ұстазымен егін алқабын аралап келе жатады. Кенет әлгі екеуі жол шетінде жатқан тозығы жеткен бір аяқ киімге көзі түседі.

Шәкірт ұстазына:

– Шамасы, мынау егінші шаруаның аяқ киімі сияқты. Тығып қойсақ қайтеді? Сосын бір жерге жасырынып қалай абырап, сасқанын қызықтайық, – дейді.

Сонда ақылды ұстазы:

– Кедейлерді әбігерге салуды қызық көріп, олардың есебінен көңіл көтергеніміз адамдыққа жатпайды. Өзіңе бақыт пен шаттық сыйлағың келе ме? Онда оны мазакқа айналдырмай, керісінше, аяқ киіміне ақша салып қойық. Сонан кейін ғана не қызық болатынын тамашалайық, – дейді.

Ұстазының ұсынысы бірден көңіліне қонған шәкірт айтқанын орындайды. Көп ұзамай екеуі жақын тұрған ағаштың артына барып жасырынады.

Сәлден соң жүзі күн көзіне әбден тотыққан, жұпыны киімді бір шаруа

келеді. Аяғын аяқ киіміне сұққаны сол еді, ішіндегі затты сезіп, аяғын дереу қайта суырып алады. Қолын салып еді, ақша екен. Екінші сыңарынан да сондай ақша шықты. Ақшаға бір, жан-жағына бір қарап, таң-тамаша болып тұрып қалды. Көз жетер жерде ешкім байқалмады. Ақшаны қалтасына салды да, жерге тізерлеп отыра кетті. Осылайша, ұзақ уақыт жасын төккен күйі Жаратушысына алғыс айтып, шүкірлігін білдіріп отырды. Манадан бері одан көз жазбай қарап отырған шәкірт қос жанары жасқа толып, қатты әсерге бөленді.

Шәкіртің бойындағы өзгерісті байқап отырған ұстазы:

– Қазір бұрынғы хәліңнен бақыттырақ екеніңді сезіп отырған сияқтысың. Алғашқы ойыңды іске асырғанда қандай күйде болар едің?! – дейді.

Шәкірті: – Иә, ұстаз! Өмір бойы ұмытпастаны дәрсі алдым. Сізге алғысым шексіз! «Берген кездегі қуаныш алған кездегі қуаныштан көп артық болады» деген сөздің мағынасын енді түсіндім, – деп жауап қатты.

Қазір ақырын жаппай қолданыстан кетіп бара жатқанымен, самаурын біздің тіршілігімізде ерекше орынға ие. Біздің өмірімізбен тығыз байланысып кеткені сондай, ол ертеден бері ата-бабаларымызбен бірге жасасып келе жатқандай болып көрінеді.

Алай да, самаурынның пайда болғанына соншалықты тым көп уақыт та өткен жоқ. Әдетте оның тарихы туралы сөз болғанда, жұрттың көбі бұл шай қайнатқыш жабдықтың отаны Ресей деп ойлайды. Шын мәнінде самаурынды таза орыстың дүниесі деп есептеу дұрыс емес. Зерттеушілер мұндай жабдықтың ежелгі Римде болғанын айтады. Ол екі қабат қабырғасы бар, ортасына су толтырылатын, металдан жасалған

Самаурын

тік бұрышты аппарат болған. Ал конструкцияның ортасына от жағылған. Осыдан берілген ыстық қабырғаны жылытып, суды қайнатқан.

Ал Батыс Еуропа жұрты «орыстың шай қайнатқыш машинасы» деген ат таққан қазіргі Бірінші Пётр Голландиядан әкеліпті деген де дақпырт естіліп қалады. Бірақ бұл шындыққа жанаспайды. Себебі, Ресейде самаурын патша өлгесін жарты ғасырдан соң ғана Тула мен Оралдағы Демидов зауытында шығарыла бастаған.

Зерттеушілер шай ішу үшін су

қайнататын құралдың іс жүзінде XVII ғасырда Азиядан әкелінгені жазды. Оны тек байлар ғана пайдаланған. Онда да суық тиіп қалғанда немесе «көкірек ауруынан» емделу кезінде ғана қайнататын болған. Қарапайым халық бал қосқан дәрілік шөптерді әртүрлі ыдыстарда қайнатып ішіп жүрген.

Самаурынға ұқсас тағы бір жабдық XVIII ғасырда Англияда да шығарыла бастады. Ағылшындар оған «шай сауыты» деген ат берген. XVIII ғасырдың басында Орал тауларының етегінде металл өндіру айрықша зор қарқынмен игеріле бастады. Соның арқасында көптеген металлургиялық зауыттар жұмыс істеді. Міне, осы металдар

арқылы алғашқы самаурындар да жасалды. Тарихи деректер бірінші самаурынның 1745 жылы жасалғанын білдіреді. Алайда, бұдан кейін көпбасылық тізгінді Тула алып кетті. Мәселе мынада, бұл қала XVII ғасырдың ішінде-ақ ірі металл өңдеу орталығы атанған еді. Мұнда металдан қару-жарақ түрлері, тұрмыстық заттар және көркем бұйымдар шығарылып тұрды. Бірақ келесі ғасырдың соңында қару-жарақ өндірісі Оралға көшірілді. Содан кейін Тула мануфактурасы өндірістің басқа түрлерін игеруге кірісті. Осылайша самаурын шығару идеясы туы. Ал 1778 жылы тулалық Назар Лисицын самаурын шығаратын ең әдепкі зауыттың тұсауын кесті. Бұдан кейін қалада Ломов, Черников, Киселев, Афанасьев секілді көптеген іскерлер самаурын шығаратын өндіріс орындарын қатарға қосты.

Тулада қазір тек қана самаурын түрлерін ұсынатын әлемдегі жалғыз музей бар.

Ең қысқа өңгімелер**ЗАҢ**

- Бұл өзіңізді жерлеуге кететін қаражат, - деді қарияға, өзін аса мәдениетті, сыпайы ұстаған қызметкер қыз жайбарақат қана, - қол қоя салыңыз...

Ұларбек Нұрғалымұлы

ЖОҚТАУ

Апам әдеттегідей пешке арқасын сүйеп, ұрышқы піріп отыр. Қасында ауыл-аймақты әңгіме етіп отырған көрші әжейдің ендігі сөзі о дүниеге қарай ауысып:

- Жамал, мен өлсем жоқтайсың ба? - деді.

Апам жақсы көретінін, әрі жақын кісі екенін, олай-бұлай болып жатса жоқтайтынын айтты. Бұл сөздерге қанағаттана қоймаған көрші әжей сол жоқтауды көзінің тірсіңде, дәл қазір естігісі

келетінін аңғартты. Осы сөзді күтіп отырғандай тыңдағанның сай-сүйегін сырқыратып, дауыс шығарып тұрып жоқтады апам. Көзінің жасы терең әжімдерінің арасымен сырғи ағып отырған әжейдің жүзінен қуаныштың да табы байқалады. Ол өмірден өткен жағдайда жоқтаусыз қалмайтынына деген сенімнің қуанышы еді.

Олжас СӘНДІБЕК

КІШКЕНТАЙ

Болмайды! Болмайдыбы!..

Кішкентайдың жан дауысы шықты. Шыр-шыр етіп, әкесін де, өзге ересектерді де, тіпті молданы да маңайлатар емес.

- Өзім қарап отырмын ғой! Ол да мені, күнде өстіп...өсті-іп қарап отыратын.

Шешесі жатқан ескі кереуетті әлжуаз қолдарымен мәпелей сипады. Тот басқан серіппелі

сымдарынан ұстап ұзақ тербетті. Күндегі әдетінше, қасына жантайып омырауына мұрнын тықпақ болған, бүйірін бірдеңе қарып түсті. Төсектің қыры мұп-мұздай екен. Анасының омырауы да. Көздері боталап, екі тізесін құшақтап еденге отыра кеткен. Ол ояғанда темір керует әлдеқашан бос қалған еді. Тот басқан серіппелі сымдары ғана әр-әр жерінен салбырап, тербетіліп тұрған. Кішкентайдың ендігі өмірі көз алдында, ескі темір керуеттің серіппелі сымдарымен қоса, бырт-бырт үзіліп жатты.

Талғат ЕШЕНҰЛЫ

«Міне, асықты былай ойнайды» деп көрсетті әкесі. Баласы терезеден төменге көз қиғын салып тұрды да «Гол!» деп айғай салды.

Бір қарт кісі редакцияға бір топ өлеңін алып келді. Тіпші оны әділмен тартпасына салып қойды.

Ғанибет ҒАЛЫМБЕКҰЛЫ



Республикалық "Ел тілегі" газетіне хабарландыру бергіңіз келсе, **8 771 693 31 81,**
8 705 982 76 61 нөмірлеріне хабарлассаңыз болады.

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Бас редактор
Сыдықова
Жанар
ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуіры айында есепке алу туралы № КЗ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті КР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Қызылорда қаласы,
Байтұрсынов
көшесі 46/36
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі, 4 А үйі
Телефон: 40-06-68,

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты. Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 6000 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №1141

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/